Жетпістің желкенін керген.....

Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тойуың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей.... АБАЙ

Сарыарқаның төсінде қара Нұраның бойында Шет ауданының өсіп, өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан өңірдің орта буынның өкілдері қарапайым еңбеккерлерінің халық игілігі үшін атқарған істері мен қызметтері көз алдымызда көріністерін табуда. Сол азаматтардың бірі бүгінгі кейіпкеріміз Нұра өзенінің бойында сонау өткен ғасырдың 30 жылдары құрылған «Қарғалы» колхозының орталығы болған «Кежек» ауылының тумасы Ыбрахимұлы (Ыбыжан деп атап кеткен) Боран 1953 жылан жылы қыстың аяғы, көктемнің басында дүниенің есігін ашқан. Жеті ата тарауы бойынша: Сарым-Тоқсан-Дербісалы-Иман-Орынбай-Смағұл, Ыбрахим-Боран болып аталады.

Әкесі Ыбрахим 1911 жылы Шет өңірінде туған. 1964 жылы Жаратушының жарлығымен күн түсіп, 53 жасында өмірмен қоштасады. Анасы Балжан бұрын тұрмыста болған, ері Қареке руының тумасы. Соғыстан кейін Совет атты баласымен Боранның әкесіне қосылған. Боран әкесінен жалғыз болып ержетті.

Әкесі Орджоникидзе атындағы совхоздың «Кежек» фермасында қой бақты. Осы кезде «Кежек» бөлімшесін аты ортаға мәлім Боранға туыс, әкесі ретінде келетін Төлеуқұл ақсақал басқарған. Боран орта мектепті бітіріп 1971-1974 жылдары Қарқаралы зооветтехникумда оқып, зоотехник мамандығын алады. Еңбек жолын 1974 жылы Орджоникидзе совхозының №2 «Ақтөбе» бөлімшесінде зоотехниктік мамандығынан бастайды.

Сол жылы анасы Совет ағайдың бағып отырған бір

отар (500 бастай) қойымен совхоздың №3 «Қайрақты» бөлімшесіне көшіріп әкелген еді. Бұл тұста айта кету керек Орджоникидзе совхозының директоры Төкім Ысқақов шаруашылықта қой малын өсіруді қажет деп және аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Камали Дүйсембековтің тапсырмасы бойынша осындай іс-шара атқарылды. Совет ағасы бас қойшы болып, бастапқыда «Айтқантау» кейіннен «Жылыкөң» қыстақтарын жайлады.

Боран 13 жылдай «Қайрақты» бөлімшесінде зоотехник болып, абыройлы қызмет атқарды. Боранның өмірлік жары ҮОС ардагері Асылханов Смағұлдың қызы Рыскен. Оның анасы Дәрі менің апайым еді. 2013 жылы 99 жасқа қараған шағында өмірден өткен аузы дуалы, аяулы ана болған. Рыскен өмірге 7 ұлқыз әкелген алтын құрсақты ана, бүгінде немерелері мен шөберелерінің сүйікті әжесі. Келесі жылы Боранмен шаңырақ көтергендеріне 50 жыл толады.

Ағасы Советтің жолдасы - Сақып Әлтеке руының тумасы, Ақтоғайдың атақты шопаны Сейтқалидың қарындасы. Өмірге 10 перзент әкеліп, бәрін тәрбиелеп, құтты орындарына қондырып ері Советпен бірге Қайрақты ауылының іргесінде «Үкібай» (Жидебай батырдың інісі) қорымында мәңгілік мекеніне жайғасқан.

Кейіпкеріміздің кейінгі еңбек жолы мен дос-жарандары туралы өзіне сөз берсек: «Еңбек жолымда совхоздың және осы өңірдің бірталай жақсы, жайсаңдарымен қызметтес, еңбектес, әріптес болдым. Атап айтсам Орджоникидзе атындағы совхоздың директоры мен бас мамандары: Төкім Искаков, Қуаныштай Сейілбеков, Шәкен Рамазанов, Төлеген Жазыкенов, Нестай Әйешов, партия-совет кәсіподақ органдарының басшылары Марс Төлеуқұлов, Медет Байтанасов, Төлеубай Әбдіғалиев, бөлімше басшылары мен мамандары және малшылар Мейірхан Сүлейменов, Елемес Әйменбетов, Сапар Қасымов, Мейрамбай Байтанов, Тәуіртай Тиыштықбаев, Жұмабай Бейсенов, досым Серік Смақов тағы басқалар.

1987 жылы жұмыс бабымен аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің бұйрығымен Талды ауылына аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігіне (РСХО) №1 «Комсомол» (қазіргі Берекетті) бөлімшесіне зоотехник болып ауысып, қызметке кірістім. Ынтамағы жарасқан осы ауылда күні бүгінге дейін еңбек етіп келемін. Бұл кезде шаруашылықты Әбеуов Айтуған басқарған. Директордың бастамасымен 1988 жылы «Просторный» АҚ-нан 200 бас асыл тұқымды қазақтың «ақбас» құнажынын және 20 бас бұқашығын сатып алып, сол мал тұқымын өз төлі есебінен өсіруді қолға алдық.

Жүргізілген зоотехникалық, селекциялық жұмыстардың арқасында 1991 жылы мал басын 1000-ға жеткіздік. Бұл ол кездегі жоғары көрсеткіш болатын. Шаруашылықта (РСХО) ауыл шаруашылық өндірісін жете білетін басшылар мен мамандармен бірлесе сыйластықта қызмет атқардым. Олар: Әбеуов Айтуған, Доскеев Блял, Канафин Мағауия, Құрманалин Қайрат, Адамбеков Мейірхан, Әйешов Ғабидолла, Смағұлов Қабыжан, Омарбеков Айдос, Балаубеков Кеңес, Түсіпов Мұхтар т.б. Кейіннен совхоз мүлкін жеке шаруашылыққа беріліп, оны Садуақасов Мақсұт басқарды.

Отбасым туралы айта кетейін. Балаларым: Мейіржан, Бауыржан, Тілеужан, Самал, Жанагүл, Жанар барлығы да жоғары және арнайы орта білімді, әр түрлі салада Астанада, Қарағандыда қызмет істейді.

1998 жылы «Наурызбай» атты шаруа қожалығын құрып, соған басшылық жасаймын. Бұл жұмысқа маған үлкен қолдау мен көмек беруші тұңғыш балам Мейіржан. Қолы іскер, жұмысқа төзімді, мал шаруашылығының қыры мен сырын толықтай меңгерген. Нағыз кәсіпкер азамат. Шаруашылықта малдың басы жыл сайын өсіп келеді. Алайда оны көбейтуге жер көлемі аздау болып тұр. Алдағы уақытта тиісті ауылдың, аудандық атқарушы орындар шаруаның, біздің жерге байланысты сұрауымызды орындайды деген сенімдемін» - деп Боран сөзін аяқтады.

Өткен өмір, кешегі күн - бүгінгі тарих. Содан тағылымтәрбие аламыз. Ықылым заманнан бері қазағымның «Қамшының сабындай қысқа, бескүндік өмірде» - деген қанатты сөзі бәрімізге бірдей санамызда орын алып, басты мақсат еңбектен ерінбей, отбасымыз бен қоғамның дамуына өзіндік үлесімізді қосу болып табылады.

Осы бір аққан жұлдыздай, сынаптай сырғып жатқан өмір толқынының кезеңдері; балалық пен жігіттік шағы, қамал алар 40 жастан кейінгі кезеңнің бәрінде көзі қарақты, көңілі ояу азамат маңайына жақсы көретін дос-жарандар мен құда-жекжаттарын жинап, олармен емен-жарқын сыйластықпен ғұмыр кешуді жөн санайды.

Бүгінде Боран інім жанындағы жұбайы Рыскенмен өмірдің осы қағидаттарын қатаң сақтап, кіндігінен тараған балаларының ата-енелері, дос-жарандарымен татулықта болып, қуанышты күндерін өткізу үстінде.

Боран халықтың, дос-жарандарының ортасында сый, құрметке ие болған ауылдың арда азаматының бірі. Боранның еңбектегі табысы дер кезінде бағаланып аудан мен кеңшар басшыларының Құрметті Грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталған. «Еңбек ардагері» медалінің иесі.

Құрметті Боран Ыбрахимұлы!

Жетпістің желкеніне жеткен жасың Құтты болсын! «70» жас - азаматтың нағыз кемелденген кезі. Мынау базарлы өмірдің басты байлығы - денсаулығың мықты болып, Алла Тағала отбасыңа қуаныш, шаңырағыңызға шуақты жылу, жаныңызға бар жақсылық нәсіп етсін. Өмірде қол жеткізген бақ-дәулетің, тәрбиелеп өсірген алтын асықтай ұл-қыздарыңыздың, қызғалдақтай тәтті немере-шөберелеріңіздің қуаныш пен қызығын өмірлік қосағың Рыскенмен қатар көруге жазсын. Берекелі шаңырағыңыздан құт-береке ешқашан арылмасын. 80-нің төрінен, 100 жастың жиегінен көрін.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының
Құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері.